

«Оңтүстік Қазақстан
медицина академиясы» АҚ



АО «Южно-Казахстанская
медицинская академия»

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

«Эндокринология мен нефрологиядағы тиімді фармакотерапия» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы

044-41/19
20 беттің 1-беті

28.05.19 2019



«Бекітемін»
Ғылыми және клиникалық
жұмыс бойынша проректор
м.ғ.к. Тауым профессор
Нурмашев Б.Қ.
2019г.

**Оқу жұмыс бағдарламасы
(магистратура)**

М144 Медицина

Пән, пән коды: М-ENTF «Эндокринология мен нефрологиядағы тиімді
фармакотерапия»

Оқу кредиттерінің (сағаттарының) көлемі: – 5кредит/150сағат

Шымкент, 2019



Әзірлеген:

Лауазымы

Лауазымы

м.ғ.д., профессор З.А. Керимбаева
м.ғ.д., профессор Н.Ж. Орманов

Оқу жұмыс бағдарламасы фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедра мәжілісінде талқыланды

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.д., профессор

З.А. Керимбаева

Хаттама № 15 18.05.19 ж.

Ғылыми Кеңесінде талқыланды және мақұлданды

Хаттама № 16 20.06.19 ж.



1. Пәннің қысқаша мазмұны. Жеке дара фармакотерапияның негізгі тәсілдері келесі бағыттарды қамтиды:

- Генотиптік деректер негізінде аурудың пайда болу ықтималдығы алдын-ала жеке схемасын әзірлеу арқылы болжамдау.
- Пациенттердің жеке көрсеткіштерін ескере отырып, емдеу тактикасын таңдау, биомаркерлер арқылы емдеуді бақылау, соның ішінде тераностикалық.
- Фармакологиялық аспектілер, соның ішінде генотиптік болжау мен терапевтикалық препараттарды бақылау арқылы үйлесімді дәрілерді таңдау. Жеке дара фармакотерапия нақты науқасқа қолайлы жеке емдеу режимін таңдау арқылы медициналық көмектің сапасын жақсартады.

2. Пәннің мақсаты:

- Дәрігерлерді оқыту – жоғарғы медициналық мекемелерде магистранттарды берілген клиникалық жағдайларда полиморбидтілікті клиникалық және экономикалық тиімділікті ескере отырып тәжірибелік жұмыста рационалды фармакотерапия жүргізу. Эндокринология мен нефрологиядағы тиімді фармакотерапиясы формалық жүйесінің негіздерін оқыту.
- магистранттарда эндокринология мен нефрологиядағы тиімді фармакотерапиясы, дәрілік заттардың фармакокинетикасы, фармакодинамикасы, өзара әсерлеуі және жанама әсерлер білім негізін және де кәсіби дайындық сапасын жоғарылатуға дәлелді медицинаның негізгі ұстанымдарын қалыптастыру.

3. Пән міндеттері:

- өзінің практикалық жұмысында эндокринология мен нефрологиядағы тиімді фармакотерапиясын жүргізуі;
- дәрілік заттардың фармакодинамикалық тиімділігін бағалауға кешенді зерттеу әдістерін таңдау және алынған материалды талдау;
- ең тиімді және қауіпсіз дәрілік заттарды тағайындау және адекватты таңдау жүргізу;
- берілген науқастың физиологиялық және (немесе) патологиялық профиліне, препараттың фармакокинетикалық және фармакодинамикалық параметрлерін ескере отырып енгізу тәсілін таңдау, оптималды дозалау режимін анықтау;
- берілген клиникалық жағдайларда ең тиімді және қауіпсіз дәрілік заттардың комбинациясын тағайындауға ұсыныстар беру;
- дәрілік заттарды алғашқы сатыларында жанама әсерлерді болжау, табу және оларға коррекция жүргізу;
- дәрілік заттардың мониторингін жүргізу, медикаменттік емнің сапалығын бағалау, жеке бас формулярын өңдеу;
- клиникалық практикада дәрілік формулярды қолдану.

4. Оқыту нәтижесі:

Білімі және түсінігі:

Эндокринология мен нефрологиядағы тиімді фармакотерапиясы дәрілердің фармакокинетика және фармакодинамика ерекшеліктерін, айқын науқастың өмір сапасын бағалау әдістерін білетіндігін көрсете алады.



Біледі және түсінеді: Дәрілердің тиімді пайдалану туралы дәрігерлердің білімдерін арттыру әдістерін білетіндігін көрсете ала-ды.

Білімі мен түсінікті қолданады:

-Дәрілердің тиімді пайдалану туралы дәрігерлердің білімдерін арттыру әдістерін білетіндігін көрсете ала-ды.

-Клиникаға дейінгі және клиникалық сынамаларды жүргізудің негізгі ұстанымдарын білетіндігін көрсете алады

-Қолданатын дәрілердің фармако-экономикалық зерттеу жасай алады.

Оқыту дағдылары немесе оқуға қабілеттілік

- Дәрілердің тиімді пайдалану хаттамасын толтыра алады. ҚР Денсаулық сақтау заңдарға сүйене отырып медициналық құжаттарды толтыра алады.

-Емдеу хаттамасына сүйене отырып дәрілік формулярға дәлелдер келтіре алады.

Коммуникативтік қабілеттер

Медициналық және деонтологиялық этика нормаларын сақтай алады.

Ойды құрастыру

Дәрілердің жағымсыз әсерлерінің қауіпін болжам жасай алады және бақылайды, егер олар басталса, онда түзету және алдын-алу әдістерін қолданады.

Тәжірибелік сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырыптардың атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат көлемі
1	Инсулинге тәуелді қант диабеті ауру кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препа-раттарды оңтайлы таңдап алу	Инсулинге тәуелді қант диабетінің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармакологиялық қадамдар. Фармакотерапияның эффектив-тілігі мен тиімділігін бағалау. Инсулин және оның аналогтары. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. КІП «Сахарный диабет 1 типа», 2014 МЗСР РК	3
2	Инсулинге тәуелсіз қант диабеті ауру кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препа-раттарды оңтайлы таңдап алу	Инсулинге тәуелсіз қант диабетінің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клини-ко-фармакологиялық қадамдар. Фармакотерапияның эффектив-тілігі мен тиімділігін бағалау. Инсулин және оның аналогтары. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.	3



		КП «Сахарный диабет 1 типа», 2014 МЗСР РК	
3	Иценго-Кушинг ауру кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Иценго-Кушинг ауруының емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клиника-фармакологиялық қадамдар. Фармакотерапияның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. КП «Болезнь Иценко-Кушинга», 2013 МЗ РК	3
4	Диффузды уытты жемсау ауру кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Түйнексіз уытты жемсаудың емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клиника-фармакологиялық қадамдар. Фармакотерапияның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Қолданылатын дәрі-дәрмектің ішінде қалқанша бездің қызметіне негізгі әсер ететіндер - имидазол (мерказолил, тиамазол, карбимазол) және тироурацил (пропилтиоурацил) туындылары. Аталған препараттар қалқанша без бөліп шығаратын гормондар: Т ₃ мен Т ₄ -нің түзілуін бәсеңдетіп олардың қандағы мөлшерін азайтады. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. КП «Тиреотоксикоз у взрослых», 2013 МЗ РК	3
5	Гипотиреоз ауру кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Гипотиреоз емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клиника-фармакологиялық қадамдар. Фармакотерапияның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.	3



		КП «Гипотиреоз у взрослых», 2013 МЗ РК	
6	Тиреотоксикалық криз кезіндегі ауырлық дәреже-сін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Тиреотоксикалық криздің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармакология-лық қадамдар. Фармакотерапия-ның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Тиреотоксикалық кризді емдеу алгоритмі. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. КП «Тиреотоксикоз у взрослых», 2013	2
7	Тиреотоксикалық криз кезіндегі ауырлық дәреже-сін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Тиреотоксикалық криздің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармакология-лық қадамдар. Фармакотерапия-ның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Тиреотоксикалық кризді емдеу алгоритмі. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. КП «Тиреотоксикоз у взрослых», 2013	3
8	Эндокринологияда қолданатын дәрілердің өзара әсерлесуі	Эндокринологияда қолданатын дәрілердің өзара әсерлесуін ескере отырып науқастарға, олардың ауырлық дәрежесін және ағымдық жағдайын ескере отырып тиімді, оңтайлы фармакотерапияның таңдау және негіздеу	3
9	Бүйрек үсті безінің тұрақты (созылмалы) әлсіздігі (Аддисон ауруы) кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препарат-тарды оңтайлы таңдап алу	Бүйрек үсті безінің тұрақты (созылмалы) әлсіздігінің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармакологиялық қадамдар. Фармакотерапияның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. I. Ауруға әсерлі ем жолдарының бірінші тобы - дәрі-дәрмек қолданып емдеу. Қолданылатын дәрілердің негіз-	3



		<p>гі әрекеті гипофизде АКТГ-ның немесе бүйрек үсті безінде кортизол түзілуін бәсеңдетеді</p> <p>II. Гипофиздегі ісікке негізгі тиімді әсер ететін әдіс-сәулемен емделу.</p> <p>Соңғы кезде гипофиздегі ісікті өте төмен температура арқылы (криохирургия) емдеу де қолданып жүр.</p> <p>III. Гипофиздегі немесе бүйрек үсті безіндегі ісік - хирургия-лық әдіспен де емделеді</p>	
10	Бүйрек үсті безінің тұрақты (созылмалы) әлсіздігі (Аддисон ауруы) кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препарат-тарды оңтайлы таңдап алу	<p>Бүйрек үсті безінің тұрақты (созылмалы) әлсіздігің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармакологиялық қадамдар. Фармакотерапияның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау.</p> <p>I. Ауруға әсерлі ем жолдарының бірінші тобы - дәрі-дәрмек қолданып емдеу. Қолданылатын дәрілердің негізгі әрекеті гипофизде АКТГ-ның немесе бүйрек үсті безінде кортизол түзілуін бәсеңдетеді</p> <p>II. Гипофиздегі ісікке негізгі тиімді әсер ететін әдіс-сәулемен емделу.</p> <p>Соңғы кезде гипофиздегі ісікті өте төмен температура арқылы (криохирургия) емдеу де қолданып жүр.</p> <p>III. Гипофиздегі немесе бүйрек үсті безіндегі ісік - хирургия-лық әдіспен де емделеді</p>	3
11	Тиреотоксикалық криз кезіндегі ауырлық дәреже-сін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	<p>Тиреотоксикалық криздің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармакологиялық қадамдар. Фармакотерапия-ның</p>	3



		<p>эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Тиреотоксикалық кризді емдеу алгоритмі. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.</p> <p>КП «Тиреотоксикоз у взрослых», 2013</p>	
12	Нефрологиядағы тиімді фармакотерапияның негізгі мәселелері	Нефрологиядағы қолданатын дәрілердің өзара әсерлесуін ескере отырып науқастарға, олардың ауырлық дәрежесін және ағымдық жағдайын ескере отырып тиімді, оңтайлы фармакотерапияның таңдау және негіздеу	3
13	Нефрологияда қолданатын дәрілердің өзара әсерлесуі	Нефрологиядағы қолданатын дәрілердің өзара әсерлесуін ескере отырып науқастарға, олардың ауырлық дәрежесін және ағымдық жағдайын ескере отырып тиімді, оңтайлы фармакотерапияның таңдау және негіздеу	3
14	Созылмалы гло-мерулонефрит және пиелонефрит кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Созылмалы гломерулонефриттің және пиелонефриттің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакоки-нетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармако-логиялық қадамдар. Фармакоте-рапияның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Патогенездік фармако-терапия. Пиелонефриттің себептанулық фармакотерапия және оның негізгі салалары. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. <p>КП «Хронический гломерулонеф-рит», 2014 МЗСР РК</p>	3
15	Бүйрек шаншымасы және цистит кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Бүйрек шаншымасының және циститтің емі үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекше-ліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармакологиялық қа-дамдар. <p>Фармакотерапияның эффек-тивтілігі мен тиімділігін бағалау. Бүйрек шаншымасын емдеуде екі негізгі мәселені шешу мақсат:</p>	3



		<p>- ауырсынуды басу; - бітелісті тоқтату (жою).</p> <p>Шұғыл көмек көрсетудің нұсқа-лары. Қосымша ем. Этиопато-генетикалық терапия тас түілудің қайталануының және конкре-менттің өсуінің алдын-алуға, сон-дай-ақ тастарды ерітуге (литолиз) бағытталған.</p>	
16	Несеп тас ауруының ауырлық дәрежесін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Несеп тас ауруының фармакотерапиясы үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармако-логиялық қадамдар. Фармакоте-рапияның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Патогенездік фармако-терапия. Несеп тас ауруының себептанулық фармакотерапия және оның негізгі салалары. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. КП «Несеп тас ауруы», 2014 МЗСР РК	3
17	Цистит ауруының ауырлық дәрежесін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Цистит ауруының фармакотерапиясы үшін дәрілерді тиімді пайдалануға және таңдап алуға жеке фармакокинетикалық, фармакодинамикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалатын клинико-фармако-логиялық қадамдар. Фармакоте-рапияның эффективтілігі мен тиімділігін бағалау. Патогенездік фармакотерапия. Цистит ауруының себептанулық фармакотерапия және оның негізгі салалары. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. КП «Цистит ауруының», 2014 МЗСР РК	3
Барлығы			50

ОМӨЖ/МӨЖ тақырыптық жоспары

№	Тақырыптардың атауы	Өткізу түрі	Сағат көлемі ОМӨЖ	Сағат көлемі МӨЖ	Өткізу мерзімі
1	Инсулинге тәуелді қант диабетінің тиімді	Клиникалық хаттамалармен	1	4	1-күн



	фармакотера-пиясы	жұмыс жасау. Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау Презентация, реферат.			
2	Инсулинге тәуелді қант диабетінің фармакотера тиімді	Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау Презентация, реферат	1	6	2-күн
3	Иценго-Кушинг ауруының тиімді фармакотерапиясы	Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау Презентация, реферат Ситуациялық есептерді	2	4	3-күн
4	Диффузды уытты жемсаудың тиімді фармакотерапиясы	Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.	2	4	4-күн
5	Гипотиреоздің тиімді фарма-котерапиясы	Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау	2	4	5-күн
6	Тиреотоксикалық кризді емдеу алгоритмі	Презентация, реферат	1	4	6-күн
7	Тиреотоксикалық кризді емдеу алгоритмі	Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.	1	4	7-күн
8	Нефрологиядағы тиімді фар-макотерапияның негізгі мәсе-лелері	Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау	2	4	8-күн
9	Созылмалы гломерулонефриттің тиімді фармакотерапиясы	Презентация, реферат Ситуациялық есептерді	2	4	9-күн
10	Созылмалы пиелонефриттің тиімді фармакотерапиясы	Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. Ситуациялық есептерді	2	4	10-күн



11	Бүйрек шаншымасың тиімді фармакотерапиясы	Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау Презентация, реферат	2	4	11-күн
12	Несеп тас ауруының тиімді фармакотерапиясы	Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау Презентация, реферат	2	4	12-күн
13	Несеп тас ауруының тиімді фармакотерапиясы	Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.	2	4	13-күн
14	Дәрілердің бірге пайдаланудың тиімді ұстанымдары	Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау	2	4	14-күн
15	Дәрілердің бірге пайдаланудың тиімді ұстанымдары	Презентация, реферат	2	4	15-күн
16	Эндокринологияда қолданатын дәрілердің өзара әсерлесуі	Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.	2	4	16-күн
17	Бүйрек үсті безінің тұрақты (со-зылмалы) әлсіздігі (Аддисон ауруы) кезіндегі қосымша патология мен аурудың ауырлық дәрежесін ескере отырып, препараттарды оңтайлы таңдап алу	Ауызша, тесттік тапсырмаларды орындау	2	4	17-күн
Барлығы			30	70	150

5. Оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқыту әдістері

Тәжірибелік сабақтардың: кіші топтар жұмыс, пікірталас, ситуациялық есептерді шешу, презентация, клиникалық жағдайларды талдау.

ОМӨЖ: Презентация, реферат. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.

МӨЖ: Презентация, реферат. Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.

6. Оқытудың соңғы нәтижелерін ескере отырып, оқу жетістіктерін бақылау түрлері және бағалау әдістері



Тәжірибелік сабақ

1. Ауызша жауап

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериилері
Ауызша жауап	өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Бұл бағалар, егер магистрант ешқандай да қателіктер, дәлсіздіктер жібермесе қойылады. Игерілетін пән бойынша теорияда концепцияда және бағыттарда ориентирлене біледі, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
	жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Бұл бағалар, егер магистрант жауап барысында қатаң қателер жібермесе, студенттің өзімен жөнделінген ұстанымсыз дәлсіздіктер немесе ұстанымды қателіктер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалы материалды жүйелей білсе қойылады.
	қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%)	Бұл бағалар, егер магистрант жауап бергенде дәлсіздіктер мен ұстанымсыз қателер жіберсе, оқытушымен көрсетілген оқу әдебіметімен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарды сезінсе қойылады.
	қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағасына сәйкес келеді	Бұл бағалар, егер магистрант жауап бергенде ұстанымды қателер жіберсе, сабақтың тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттерді өңдемесе, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана білмесе, қатаң стилистикалық және логикалық қателермен жауап бергенде қойылады.

2. Ситуациялық есептерді шешу

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериилері
Ситуациялық есептерді дайындау және шешу	өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Жұмысқа белсенді қатысты, бұл кезде ерекше ойлау қабілетін танытты, материалды терең меңгергенін көрсетті, талқылау кезінде басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды
	жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Жұмысқа белсенді қатысты, материалдық білімін көрсетті, магистранттың өзімен жөнделінген ұстанымсыз қателіктер немесе ұстанымды қателер жіберді.



	қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%)	Топтың жұмысында пассивті болды, әлсіз және ұстанымсыз қателер жіберді, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтар сезінді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағасына сәйкес келеді	Оқытушының сұрақтарына жауап бере отырып, топтың жұмысына қатысқан жоқ, ұстанымсыз қателер мен дәлсіздіктер жіберді, жауап бергенде ғылыми терминологияны қолданбады.

3. Тестілік тапсырмаларды орындау

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериилері
Тестілік тапсырмалардың орындалуы	Өте жақсы	95-100% дұрыс жауап
	жақсы	75-85% дұрыс жауап
	қанағаттанарлық	50-74% дұрыс жауап
	қанағаттанарлықсыз	50%-дан төмен дұрыс жауап

4. Кіші топтағы жұмыс TBL

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериилері
Аз топтағы жұмыс	өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Егер магистрант командада жұмыс жасай білген, топты ынталандыра білген жағдайда ғана қойылады. Мықты магистрант – академиялық лидер, ол қажет болған жағдайда қалғандарға деректерді түсіндіре біледі.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Ұйымдастырушы лидер, дайындалу деңгейі бойынша күшті немесе орташа егер магистрант, ол барлық топ деректерді меңгергенін және мерзімінде сәйкес теориялық тапсырмаларды орындағанын бақылау қажет.
	қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%)	Магистрант - лаборант – ұсынылған тақырып бойынша жақсы білетін дайындық деңгейі бойынша күшті немесе орташа магистрант. Егер жауап толық болмаса немесе топтың басқа мүшелер үшін сұрақтар туындаса, осы топтың басқа магистранті жауап берсе болады.
	қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағасына сәйкес	Қажет болған жағдайда топтың басқа мүшелерінен көмек сұрайтын әлсіз магистрант. Егер магистрант жауап беру кезінде айқын қателер жіберсе, сабақтың



	келеді	тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттерді өңдемеген жағдайда қойылады. Пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмайды, дөрекі стилистикалық және логикалық қателермен жауап береді.
--	--------	--

5. Пікір талас

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериилері
Пікір талас	өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Магистрант пікір таласқа белсенді түрде қатысады және деректерге негізделе отырып, аргументті жауаптарды ұсынады, барлық сұрақтарға жауап береді. Басқа магистранттардың пікірлерін құрметпен тыңдайды және командада тиімді жұмыс жасайды. Пікір таласқа қатысуы тақырыпқа, мәселелікке сәйкес келеді.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Магистрант пікір таласқа қатысады, сұрақтар қояды, басқалардың пікірлерін тыңдайды. Магистрант талқылауда шамалы қателер жібереді. Басқа магистранттардың пікірлерін құрметпен тыңдайды және командада тиімді жұмыс жасайды.
	қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%)	Магистрант пікір таласта белсенділік танытпайды, сұрақ қоймайды, шешімдерді ұсынбайды, басқалардың пікірлерін тыңдайды. Магистрант талқылауда қателер жібереді.
	қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағасына сәйкес келеді	Магистрант шеттегі бақылаушының ролін ойнайды. Пікір таласқа қатыспайды, шешімдерді ұсынбайды, сұрақтарға жауап бермейді, Магистрант топтың жұмысына қатыспайды.

Магистранттардың өзіндік жұмысы (МӨЖ).

1. Рефератты дайындау және қорғау

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериилері
Рефератты дайындау	өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Реферат ұқыпты орындалды және белгіленген мерзімде тапсырылды, 3-тен төмен емес әдеби тектерді қолдана отырып, рефераттың тақырыбына сәйкес сызбалар, кестелер, суреттер көрсетілген. Рефератты қорғауда



		тексті оқымайды, айтып береді. Қойылған барлық сұрақтарға дәл және қатесіз жауап береді.
	жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Реферат ұқыпты орындалды және белгіленген уақытта тапсырылды, 3-тен төмен емес әдеби тектерді қолдана отырып, өздігімен жазылды. Тақырыпқа сәйкес сызбалар, кестелер, суреттер көрсетілген. Рефератты қорғағанда тексті оқымайды, айтып береді. Сұрақтарға жауап беруде ұстанымсыз қателер жібереді.
	қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%)	Реферат ұқыпты орындалды және белгіленген уақытта тапсырылды, 3-тен төмен емес әдеби тектерді қолдана отырып, өздігімен жазылды. Тақырыпқа сәйкес сызбалар, кестелер, суреттер көрсетілген. Рефератты қорғағанда тексті оқиды. Сұрақтарға сенімсіз жауап береді, ұстанымды қателер жібереді.
	қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағасына сәйкес келеді	Реферат ұқыпсыз орындалды және белгіленген мерзімде тапсырылмады, 3-тен төмен әдеби тексттерді қолдана отырып, өздігімен жазды. Рефератты қорғауда текстті оқиды. Сұрақтарға жауап бергенде қатаң қателер жібереді, материалды жақсы білмейді

2. Тақырыптың презентациясы

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериілері
Тақырыптың презентациясы	өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнды және тиімді. Қорғау кезінде автор тақырып бойынша терең білімдерін танытты. Талқылау уақытында сұрақтарға жауап бергенде қателер жібермейді.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнды және тиімді. Қорғау кезінде автор тақырып бойынша жақсы білімдерін танытты. Өзі жөңдей отырып, сұрақтарға жауап бергенде ұстанымсыз қателер жібереді.
	қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%)	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер



	С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%)	қолданылған. Слайдтар мазмұнсыз. Қорғау кезінде автор сұрақтарға жауап бергенде ұстанымды қателер жібереді.
	қанағаттанарлық-сыз F (0; 0-49%) бағасына сәйкес келеді	Презентация белгіленген уақытта тапсырылмады. 3-тен төмен әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнсыз. Қорғау кезінде автор сұрақтарға жауап бергенде қатаң қателер жібереді. Өзінің материалында жетік білмейді.

3. Тестілік тапсырмалар мен есептерді дайындау

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериилері
Тестілік тапсырмаларды дайындау	өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Тестілік тапсырмаларды 10-нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырмалар нақты, дәл, түсінікті құрастырылған. Жауаптардың варианттары біртепті және адекватты. Алгоритм жауаптары бар. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Тестілік тапсырмаларды 10-нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырмалар нақты, дәл, түсінікті құрастырылған. Жауаптардың варианттары біртепті емес. Жауаптардың алгоритмі бар. Дұрыс жауаптары дұрыс берілген.
	қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%)	Тестілік тапсырмаларда 10- нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырылмаған. Тестінің негізгі мазмұнды емес. Нақты, дәл, түсінікті емес құрастырылған тестілік тапсырмалар бар. Жауаптардың варианттары біртепті емес. Жауаптардың алгоритмі бар. Барлық жауаптар дұрыс белгіленбеген.
	қанағаттанарлық-сыз F (0; 0-49%) бағасына сәйкес келеді	Тестілік тапсырмаларда 10- нан төмен емес сұрақтар бар. Тексттің негізі мазмұнды емес, сұрақтың қойылуы нақты емес. Жауаптардың варианттары біртепті емес. Жауаптардың алгоритмі жоқ. Дұрыс жауаптың 50%- дан көбі дұрыс берілмеген.



жібереді.											
Дәрілік заттарды рационалды тиімді қолдануға магистранттың эксперттік қорытындысының және таңдау препараты бойынша бағалау парағының жазылмауында.											

Практикалық сабақтарда, және МӨЖ орындауда білім бақылаудың бірнеше түрлерін қолдану мүмкін. Журналға орта баға қойылады.

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критериилері
Тесттілеу/ әңгімелесу	өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Бұл баға, егер магистрант жауап бергенде ешбір қателер, дәлсіздіктер жібермесе қойылады. Игерілетін пән бойынша теорияда, концепцияда және бағыттарда дұрыс ойлай біледі және оларға дағдарысты баға береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша 86-100% дұрыс жауап.
	жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Бұл баға, егер магистрант жауап бергенде қатаң қателер жібермесе, студенттің өзімен жөнделінген ұстанымсыз дәлсіздіктер немесе ұстанымды қателер жіберілсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей білсе, қойылады. Тест бойынша 75-85%-ы дұрыс жауап.
	қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%)	Бұл баға, егер магистрант жауап бергенде дәлсіздіктер мен ұстанымсыз қателер жіберсе, тек оқытушымен көрсетілген оқу әдебиетімен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтар сезінсе, қойылады. Тест бойынша 50-74%-ы дұрыс жауап.
	қанағаттанарлық -сыз F (0; 0-49%) бағасына сәйкес келеді	Бұл баға, егер магистрант жауап бергенде ұстанымды қателер жіберсе, сабақтың тақырыбы бойынша негізгі әдебиетте өңдемесе қойылады, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана білмейді, дәрекі стилистикалық және логикалық қателермен жауап берді. Тест бойынша 50%-дан төмен дұрыс жауап.



7. Білім алушыларды оқыту нәтижелерін бағалау жүйесі

Емтиханға пәннің бағдарламасын толық меңгерген және допуск рейтингісін алған магистранттар ғана жіберіледі.

Жіберілу рейтингтік бағасы мен емтиханның нәтижелерінің қосындысынан алынатын әр пән бойынша қорытынды баға анықталады, бұл кезде 60%. Жіберілу рейтингтік бағасы, 40% - емтихан нәтижесі болып табылады.

Магистранттың білімін қорытынды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі бойынша бағаланады, ол төрт баллды жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес келеді.

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100 %	Өте жақсы
A-	3,67	90-94 %	
B+	3,33	85-89 %	Жақсы
B	3,0	80-84 %	
B-	2,67	75-79 %	
C+	2,33	70-74 %	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69 %	
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	0,67	50-54%	Қанағаттанарлықсыз
F	0,33	0-49%	

«Оңтүстік Қазақстан
медицина академиясы» АҚ



АО «Южно-Казахстанская
медицинская академия»

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044 -41/19
«Эндокринология мен нефрологиядағы тиімді фармакотерапия» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы	20 беттің 21 -беті